

ӘОЖ 378.147

FTAMP 14.05.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.022>

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ КӘСІБИ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА КЕЙС ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

*Абдуллина А.А.¹, Узакбаева С.А.², Махметова Б.Т.³

*^{1,2}Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті, Алматы, Қазақстан

³Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бүгінгі таңда мамандарды оқытуда және білімін жетілдіруде кейс әдісі жан-жақты пайдаланылуда. Бұл өмірде кездесетін күрделі мәселені терең меңгеруде қолданылатын зерттеу тәсілі. Кейс әдісінің проблемалық-бағдарлық оқытудан айырмашылығы, ол нақты мысалдарға негізделеді. Медицина саласындағы кейстер емделушінің денсаулығынан, дербес жүргізілген диагностикасы мен емдеу практикасын таңдауынан көрініс беретін нақты жағдаятты талдаудағы интерактивті құрал болып табылады. Кейс әдісін шетел тілі сабақтарында медик-студенттерді оқытуда қолданудың өзектілігі ҚР Мемлекеттік жоғары білім беру стандартымен айқындалады. Онда сабақты белсенді және интерактивті түрде жүргізу (компьютерлік белсендіру, іскерлік және рөлдік ойындар, нақты жағдаяттарға талдау, психологиялық және т.б. тренингтер, топтық дискуссиялар және т.б.) қарастырылады. Кейс әдісін қолдану оқытудың дәстүрлі әдістерін (лекциялық және практикалық сабақтар) толықтырады және жаңа білімді меңгеруімен шектелмей, кәсіби құзыреттілік пен ойлау әрекетін, біліктілік мен дағдыны қалыптастыруға бағытталады.

Мақаланың мақсаты – кейс әдісінің мазмұнын оқытудың интерактивті әдісі ретінде негіздеу және оның жоғары медициналық оқу орны студенттерімен шетел тілі сабақтарын өткізудегі тиімділігін анықтау.

Кейс әдісін медициналық жоғары оқу орындары студенттеріне кәсіби шетел тілін оқытуда қолдану білім беру процесін жаңартуға, студенттердің кәсіби коммуникативтік дағдыларын дамытуға және практикалық даярлығын арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде бұл зерттеу медицина мамандарының кәсіби біліктілігін арттыруға және олардың халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Зерттеудің нәтижесінде, медициналық жоғары оқу орындары студенттеріне кәсіби шетел тілін оқытуда кейс әдісін қолдану олардың кәсіби коммуникативтік дағдыларын, аналитикалық ойлауын және практикалық қабілеттерін айтарлықтай дамытады. Сонымен қатар, бұл әдіс студенттердің медициналық тапсырмаларды шетел тілінде шешу қабілетін жетілдіріп, олардың кәсіби даярлығын арттырады. Мақалада педагогикалық кейстерді жоғары медициналық оқу орындары студенттеріне шетел тілін оқытуда пайдалануға байланысты практикалық әдістер мен амал-жолдар ұсынылады.

Тірек сөздер: кейс, кейс әдісі, медициналық кейс, кәсіби шетел тілі, кейс технологиясы, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, жағдаят, интерактивті құрал, педагогикалық кейстер

Кіріспе

Кейс әдісін кәсіби-бағдарланған тәсіл аясында қолдану маңызды болып табылады. Зерттеудің өзектілігі бұл әдісті медициналық университеттерде студенттерді кәсіби-бағдарлы оқыту шеңберінде пайдалану мәселесінің жеткіліксіз зерттелуіне және практикалық тәжірибесін талдау қажеттілігіне байланысты. Сонымен қатар, шетел тілі мұғалімдерінің лингвистикалық міндеттерді шешумен қатар, студенттерді болашақ кәсіби қызметіне даярлау қажеттілігі де өзекті. Бұл тапсырманы орындауда ең тиімді әдіс – мамандыққа және қызмет саласына бейімделген кейс әдісі болып табылады. Ол заман талабына сай, қоғамның даму стратегиясына негізделген, болашаққа бағдарланған және жаңартылған білім беру технологиялары мен ұйымдастыру формаларын қамтиды. Бұл әдіс студенттердің коммуникативтік, лингвистикалық, пәндік, әдістемелік және әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Кейс әдісі сонымен бірге білімге практикалық көзқарасты қамтамасыздандырады, пайымдау дағдыларын дамытатын тиімді оқыту тәсілі ретінде қабылданады. Ол топтық пікірталас пен мәселелерді шешуге бағытталған сұрақтар мен әрекеттер арқылы студенттердің жоғары дәрежедегі ойлау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кейс әдісінің басымдылығын оқытушы ұсынған нақты жағдайды және қосымша ақпараттарды талдау, оңтайлы шешім даярлау және оны аудиторияға ұсыну. Шешімді таңдау процесі студенттер үшін үлкен құндылыққа ие, әрі олардың аналитикалық ойлауын дамытуға көмектеседі. Бұл әдіс пәндердің бәрінде, соның ішінде ағылшын тілінде кеңінен қолданылады. Білім беру терминологиясында кейс әдісі проблемалық оқытумен тығыз байланысты парадигма ретінде қарастырылады. Ол нақты өмірлік мәселелерден туындаған клиникалық және клиникалық емес жағдайларды қарастырады, студенттердің бұрынғы тәжірибелерін біріктіруге бағыттайды.

Материалдар мен әдістер

Кейс әдісі – бұл ұзақ уақыттан бері қолданылып келе жатқан педагогикалық тәсіл. Оның негізін қалаушы К.К. Лангделл 1870 жылы Гарвард заң мектебінде студенттерге теорияны жаттаудың орнына нақты сот тәжірибелерін талдауды ұсынған. Уақыт өте келе, ол бизнес және басқару салаларында кеңінен таралды, XX ғасырдың 70-80 жылдарында кәсіби білім беруде әлем бойынша қолданылды. Бұл әдіс бүгінгі білім беру жүйесінде де өзінің жалғасын табуда. Оны алыс және жақын шетелдерде орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары дәлелдейді. Мәселен, Артюхина А.И. мен Чумаков В.И. кейс-әдісінің функциясы тәсілмен студенттерге шешілмейтін күрделі құрылымдалмаған проблемаларды үйрету деп түсіндіреді және

оқу кейстерінің жіктемесіне жан-жақты сипаттама беріп, ситуациялық тапсырмаларды білім беруде пайдаланудың маңызын баса көрсетеді [1].

Ғалымдардың бірқатары (Русакова М.М., Серикова Т.М. және т.б.) медициналық жоғары оқу орындарында кейс-әдісі тек науқастарды диагностикалау немесе емдеуге қатысты мәселелерді шешу үшін ғана емес, сонымен қатар студенттердің шетел тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіруге де қолдануға болады, бұл әдіс ағылшын тілі сабағында оқытушы ұсынған жағдаяттар арқылы жүзеге асады десе [2], енді бірі (Иванова О.Г., Мордык А.В. және т.б.) кейс-әдісінің енгізілуі оң нәтиже беретінін, нақтырақ айтқанда, студенттердің қызығушылығының артуын және оқытушының мотивация деңгейінің жоғарылағанын атап өтеді [3].

Сонымен бірге, медициналық білім берудің шетелдік практикасы кейс әдісінің көкейкестілігін растайды. Мысалы, Thistlethwaite J.E кейс-әдісті қолданудың тиімділігін сарапшылар бағалауы негізінде талдаған зерттеу нәтижелерін талқылай келе, студенттердің басым көпшілігі кейстерді оқу процесінде қолдану пайдалы деп санайтынын атап өтеді. Бұл олардың білімін жақсартады, ал оқытушылардың пікірінше, кейс-әдіс студенттерді шабыттандырып, оқуға ынталандырады [4].

Ал бірқатар жұмыстарда (Cook D.A., Crowe S. және т.б.) бүгінгі медициналық білім беруде Web-сайттар мен интернет-қосымшаларды қолдану арқылы жүзеге асырылып жатқанын атап көрсетіледі. Мәселен, Cook D.A. «Web-based learning: pros, cons and controversies» атты мақаласында Web-технологиялар негізіндегі білім берудің болашағы бар екенін растайды. Себебі бұл әдістің дәстүрлі тәсілдермен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар: қашықтан оқыту мүмкіндігі, курсты жаңартудың жеңілдігі, икемді оқу кестесі, білім беруді жекелендіру, оқытудың инновациялық әдістері және оқу құжаттамасын автоматтандыру [5].

Қазақстанда да кейс әдісі нақты технология ретінде зерттеліп, қолданылуда (мысалы, Қайырбекова Г., Бекмұханбетова А., Әбдіқалықова Ж., Тұрсынбекова А. Және т.б.).

А.М. Долгоруков бұл әдісті белсенді проблемалық-жағдаяттық талдау тәсілі ретінде қарастырады, оның мақсаты – студенттермен топтық жұмыс кезінде нақты жағдайларды талдау мен практикалық шешімдер қабылдау деп дәлелдейді [6].

Жақын шетел ғалымдарының ішінде бірқатар ғалымдар (Абдукадыров А.А., Тураева Б.З., Деркач А.М., Федотова О.Д., Джамалдинова М.Т., Дүйсеева Л.А. және т.б.) кейс әдісі ұғымына өздерінің анықтамаларын береді. Осылардың ішінде, А.А.Абдукадыров пен Б.З.Тураева кейс әдісі деген: «проблемалық жағдайды талдауға негізделген және бір уақытта рөлдік ойындар элементтерін, жобалық әдістерді және ситуациялық талдауды қамтитын заманауи білім беру технологиясы» деп тұжырымдаса [7,б.659], Деркач А.М. кейс әдісі дегенді «мұғалімнің студенттер тобында тапсырманы талқылауды ұйымдастыруына негізделген, айқын немесе жасырын проблемасы бар нақты жағдайды сипаттайтын белсенді оқыту

әдісі» деп түсіндіреді [8, б. 22]. Ал О.Д. Федотованың түсінігінде кейс әдісі деген - студенттің нақты жағдайды шешудегі тәжірибесін байытуға мүмкіндік беретін, әр түрлі материалдарда құжатталған түпнұсқа аналитикалық технология [9]. Джамалдинова М.Т. мен Дүйсеева Л.А. болса, кейс әдісі - студенттердің нақты немесе қиялдағы жағдайларына өзіндік баға беруі, айтайын деген ойы мен пікірін ықшам әрі толық жеткізуі сияқты жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл әдіс студенттердің жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыруына, түрлі проблемаларды талдауға және шешуге, сондай-ақ ақпаратпен жұмыс істеуді үйренуге үлкен көңіл бөледі деп дәлелдейді [10].

Мәселені тереңірек зерттеуге мүмкіндік беретін ғылыми зерттеу әдістері салыстыру, жалпылау, талдау және синтездеу болып табылады. Мақалада теориялық негіздер зерттеліп, практикалық тәжірибе жалпыланды және кейс әдісінің ерекшеліктері талданды. Зерттеу барысында ағылшын тілі курсы аясында педагогикалық кейстерді енгізу тәжірибесі қарастырылды.

Сонымен қатар, кейс технологиясы проблемалық жағдаяттарды талдауға негізделген интерактивті оқыту әдісі ретінде қарастырылады, ол білім алуға және жаңа дағдылар мен кәсіби қасиеттерді дамытуға бағытталған [8, б. 22].

Х.Б. Акбаеваның еңбегінде кейс әдісі лингвистикалық емес университетте студенттердің бейіндік мамандануын дамыту үшін қалай қолдануға болатыны көрсетіледі [11]. Оқыту процесінде белгілі бір оқу бағыты бойынша студенттердің болашақ кәсіби қызметінің ерекшеліктерін көрсететін кәсіби бағытталған кейстер шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырумен бірге студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға да ықпал етеді.

Мұндай анықтамалар баршылық. Барлық зерттеушілер анықтаманы өздерінің зерттеу пәніне қарай береді. Демек, кейс әдісі дегеніміз не? Кейс әдісі, немесе жағдаяттық талдау әдісі – бұл шынайы жағдаяттарды мазмұндайтын оқыту техникасы (медик-студенттер үшін бұл клиникалық жағдайлар). Жиі қолданылатын кейстің түрлері:

- Жазбаша түрі (емделуші ауруының тарихын сипаттайды);
- Модельдеу;
- Видеокейстер;
- Интерактивті;
- Өндірістік (практика өту барысында)

Кейс әдісі нақты жағдайларға еліктеу және шет тілінде қарым-қатынас мәселелерін шешуге негізделген, бұл теориялық білімді меңгерумен қатар, нақты жағдайларда жұмыс істеуді қамтиды.

Кейс әдісіне негізделген оқыту сыни ойлау, мәселені шешу, клиникалық пайымдау және талдау сияқты дағдыларды тиімді дамытумен байланысты. Бұл дағдылар, өз кезегінде, медицинаны терең меңгерудің ажырамас бөлігі болып табылады [12, 226-б.].

Мәселені шешу кезінде негізгі әрекетке сәйкес кейстерді зерттеу түрлеріне бөлуге болады: нақты зерттеу тапсырмасын шешетін зерттеу

кейстері, қажетті ақпарат алуға бағытталған ақпараттық, шығармашылық мәселенің шешімін табуға арналған шығармашылық, және нақты өмірлік жағдайларға ұсыныстар әзірлеуге бағытталған тәжірибелік кейстер.

Пәндік мазмұн саласындағы кейстер пәндік (бір пәнге арналған) және пәнаралық (бірнеше пәнді қамтитын) болып бөлінеді. Пәндік кейстер нақты оқу пәнінің мазмұнына негізделсе, пәнаралық кейстер басқа пәндермен байланыс орнатып, бірнеше білім саласын қолдануды талап етеді.

Тағы бір типологиялық белгі уақытша кеңістік болуы мүмкін. Уақытқа байланысты кейс түрлері:

- табиғи уақыт тәртібі;
- оқиғалар желісін толық суреттеп құрастыратын жағдаяттық тапсырмалар;
- ағым жағдайда өткен оқиғаларға егжей-тегжейлі талдау беріп, сипаттайтын болжамды сценарийлер болып бөлінеді.

Кейс әдісі динамикалық және икемді әдіс болғандықтан, әдісті оқыту мен оқу әрекетінде ендірудің нақты қадамдары немесе орындау тәртібі жоқ. Дегенмен, кейбір сарапшылар сабақта кейстерді ендірудің кейбір балама жолдарын ұсынады. Мәселен, Гупта Р. И. Мен Гровер Р.К. кейс зерттеуін келесі реттікте жүзеге асыру жолдарын белгілейді [12]:

1. кейсті құру
2. кейсті топтық талдау
3. миға шабуыл сессиясы
4. оқу мақсаттарын тұжырымдау
5. Нәтижелерді көрсету
6. Топпен бөлісу

Розэлл С. кейс-стади әдісін енгізудің 6 қадамын ұсынады[13]:

1. сценарийге қысқаша шолу
2. материалдарды талдау және кейсті оқу
3. басқа баламаларды зерттеу
4. нәтижелерді ұсыну және мәселені шешу жолдарын түсіндіру (шешу жолдарын түсіндіру)
5. бақылау сессиясы
6. студенттердің рефлексиясы.

Ағылшын тілі оқытушысы үшін кейсті даярлау – педагогикалық шеберлікті және уақытты талап ететін күрделі процесс. Кейс нақты материалды қажет етеді, ол проблемалық жағдайды және студенттер меңгеруі тиіс білім, білік және дағдылар жиынтығын көрсетеді.

Кейс әдісі барлығына таныс әдістерге негізделеді: жоба әдісі, рөлдік ойын, ситуациялық талдау және т.б. Сабақта ортақ мәселені шешу кезінде топтағы студенттердің бірлескен іс-әрекеті пайдалы болып табылады, ұйымдастыру кезінде студенттер оқу материалын, қосымша ақпаратты жақсы түсініп, игереді, сонымен қатар топта жұмыс істеуге және өз бетінше білім алуға үйренеді.

Оқытушының міндеті – проблемалық сұрақтар арқылы әңгіме немесе пікірталасқа бағыт беру, жұмыс уақытын бақылау, студенттердің назарын мағыналы ойға бағдарлау, ынта-ықыласын арттыру, жағдайды талдау процесіне барлық студенттерді белсендіру және т.б.

Кейс әдістемесі оқытудың әртүрлі әдістеріне негізделген, бірақ оқу мен тәрбие әрекетін ынталандыру әдістеріне басымдық беріледі. Кейс әдісін әдістемелік мән-мәтінінде танымның басқа, қарапайым әдістерімен біріктірілген күрделі жүйе ретінде қарастыруға болады. Оған модельдеу, жүйелік талдау, проблемалық әдіс, ой эксперименті, сипаттау әдістері, жіктеу және ойын әдістері жатады.

Кейс – күрделі құбылыс. Ол шынайы нақты фактілерді қамтумен ғана шектелмей, тұрақты сипаттамалар жиынтығын да иеленуі тиіс. Әрбір кейстің аясында: проблемалық, қақтығыс тудыратын, рөлдік ойынға негізделген, оқиғаға байланысты, белсенділікке негізделген, уақыттық және кеңістіктік және т.б.көріне алғаны жөн.

Нәтижелер және талқылау

Ағылшын тілі сабақтарында кейс әдісі әр студенттің тілдік саладан дайындық деңгейін ескеруге мүмкіндік береді, монологтық және диалогтік сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі, сондай-ақ олардың шетел тілінде өз көзқарасын дәлелдеу және пікірталас жүргізу қабілеттерін дамытады. Сабаққа дайындық барысында студенттер дәрігерлер қолданатын типтік сөз тіркестерін пайдаланып, тақырыптық сөздік қорын кеңейтеді. Кейсті даярлау мен қолдану шетел тілін меңгеруде алған білімді жаңартуға және медициналық білім берудегі көпсалалы көзқарасты көрсетуге ықпал етеді. Құрастырылған кейс практикалық ағылшын тілі сабақтарында және сабақтан тыс жұмыстарда, ғылыми үйірмелерде, шетелдік студенттермен жұмыста қолданылуы мүмкін.

Осы тұрғыда, Колесниченко А.Н. кейс-стадилердің бірнеше ерекшеліктерін саралап көрсетеді [14]:

1. Кейс әдісі коммуникативті дағдыларды, соның ішінде пікірталас жүргізу, өз көзқарасын дәлелдеу және тыңдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

2. Кейс әдісі ақпаратты жинау, талдау және логикалық пайымдау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

3. Кейс-әдістері студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді, өйткені олар есептерді шешуде өзіндік ойлауын көрсетеді.

4. Негізгі мақсаты – теориялық білімдерді нақты кәсіби міндеттерді шешуде қолдану дағдыларын дамыту.

5. Цифрлық ресурстарды пайдалану студенттердің оқуға деген ынтасын арттырады, интерактивтілігі мен қарапайымдылығымен тартады.

Кейс әдісі студенттердің әртүрлі пәндерден алған білімдерін пәнаралық тұрғыда пайдалануға негізделген. Бұл білім шынайы, нақты жағдаяттарда мәселенің мәнін түсіне отырып қолданылады. Студенттер клиникалық жағдайды зерттеп, қойылған мәселенің мәніне үңілуі, мүмкіндігінше шешу жолдарын ұсынып, оқытушының жетекшілігімен сол жағдайға ең тиімді шешімді таңдауы тиіс.


Бұл студенттерді кейс жағдайында дұрыс шешім қабылдауға бағытталған жағдаяттық мәселені белсенді талдау әдісі. Аталған әдіс ойын түріндегі әдіс болып табылмайды. Кейс әдісінің тікелей мақсаты – студенттер тобымен бірлесіп клиникалық жағдаятты (case) талдау және практикалық шешім шығару. Мысалы, студенттер науқастың ауру тарихымен мұқият танысып, барлық ерекше белгілерді зерттейді, науқастың анамнезі бойынша қандай сұрақтар қою керектігін шешеді, диагностикалық әдістер мен тесттерді ой елегінен өткізеді, өз диагнозын қояды. Оның соңғы кезеңі – ұсынылған емдеу алгоритмдерін бағалап, мәселені тиімді таңдай білу. Бұл үдерісті студенттер ағылшын тілінде жүргізеді және өз білімдері мен дағдыларын, белсенді тақырыптық лексиканы, медициналық терминологияны, медициналық процедуралардың, операциялардың және науқастарды оңалту әдістерінің сипаттамаларын қолдана отырып жүзеге асырады.

Мұндай оқыту әдістемесінің көптеген ерекшеліктері бар. Атап айтқанда:

- бірлесіп оқуды қолданады;
- оқытудың интеграциялануын жеңілдетеді;
- студенттерді оқуға ынталандырады;
- студенттің рефлексиясы мен сыни ойлауын дамытады;
- ғылыми қызығушылықты ескереді;
- теория мен тәжірибені ұштастырады;
- оқытуға қажетті түрлі дағдылардың дамуын қолдайды.

Кейстерге енгізілген клиникалық жағдайлар – бұл әдісті тиімді қолданудың негізгі құрамдас бөлігі. Кейс әдісі студентке белгілі бір жағдайды сезінуге (мысалы, науқастың туыстарымен сөйлесуге), өзін дәрігер рөлінде елестете отырып, науқастың ауру тарихын зерттеуге, мәселені түсіндіруге және интерпретациялауға, ұсынылған жағдаяттағы қатысушылардың жағымды және жағымсыз мінез-құлық үлгілерін бағалауға мүмкіндік береді.

Кейспен жұмыс кейстің өзін, оны орындау бойынша әдістемелік ұсыныстарын, ақпараттық-дидактикалық материалдарды, талқылауға арналған сұрақтарды, сонымен қатар студенттерге арналған тапсырмаларды камтиды (Сурет 1). Кейс әдісі үш кезең бойынша жүзеге асырылады: жеке дайындық, шағын топта талқылау, бүкіл топпен немесе сыныппен талқылау.



Сурет 1 - Кейспен жұмыс жүргізудің негізгі құрылымы

Біз шетел тілі сабағында кейс әдістерін қолдануда жоғарыда айтылған талаптардың бәрін ескердік. Төменде шетел тілі сабағына үзінді беріледі.

Шетел тілі сабағында біз медициналық аурулардың презентациясы тақырыбында кейс әдістерінің топтық түрін пайдаландық:

Case: Medical Disease Presentation

Objective: Enhance presentation abilities and proficiency in specialized medical terminology.

Situation: Work in groups of three. Develop and present a detailed overview of a particular illness (e.g., tuberculosis), covering aspects like epidemiology, clinical signs, diagnostic methods, treatment options, and prevention measures in the foreign language.

Әдістемелік ұсыныстар:

1. Белгілі бір ауруды тандап, оның клиникалық белгілері, диагностикасы, емдеу әдістері және алдын алу шаралары туралы толық мәлімет жинаңыздар.

2. Жинақталған ақпаратты нақты, түсінікті және кәсіби тілде баяндап, презентацияға дайындалады. Тілдік дағдыларды дамыту үшін тақырып бойынша терминологияны дұрыс қолдану маңызды.

3. Слайдтар, диаграммалар, суреттер және басқа визуалды материалдар арқылы ақпаратты тиімді жеткізуге көңіл бөлу керек.

4. Презентацияны сенімділікпен жүргізу, аудиториямен байланыс орнату және сұрақтарға нақты жауап беру дағдыларын дамыту.

6. Бағалау критерийлері: мазмұнның толықтығы мен дәлдігі, тілдік дағдылардың дұрыс қолданылуы, көрнекі құралдардың тиімділігі және презентация жүргізу шеберлігі негізінде бағаланады.

Ақпараттық-дидактикалық материалдар: негізгі терминдер мен сөз тіркестері: <https://5minuteenglish.com/english-for-health-essential-terms-and-phrases/>.

Questions:

1. What is the epidemiology of this disease?
2. What are the common clinical signs and symptoms of it?
3. What diagnostic methods are used to identify it?
4. What treatment options are available for tuberculosis?
5. What prevention measures can be implemented to control the spread of it?

6. Are there any recent advances or ongoing research related to its management?

1. Case: Planning a Public Health Campaign

Objective: Develop skills in professional communication for public health initiatives.

Situation: Work in groups of three. Create a health promotion campaign (e.g., raising awareness about vaccinations) aimed at a particular community or demographic group.

2. Case: Medical Ethics Challenge

Objective: Develop the ability to discuss ethical dilemmas using correct terminology and expressions.

Situation: In groups of three, analyze a scenario where patient confidentiality conflicts with public health responsibilities (such as reporting contagious diseases). Engage in a discussion about the relevant ethical principles and legal requirements.

3. Case: Pharmacology Case Study

Goal: Enhance skills in patient education and communication using precise medical terminology.

Situation: In groups of three, instruct a patient on proper medication usage, covering dosage, schedule, potential side effects, and safety.

Бұл үдерісті студенттер ағылшын тілінде жүргізеді және өз білімдері мен дағдыларын, белсенді тақырыптық лексиканы, медициналық терминологияны, медициналық процедуралардың, операциялардың және науқастарды оңалту әдістерінің сипаттамаларын қолдана отырып жүзеге асырады.

Шетел тілі сабағын кейс әдісі арқылы оқытуға көзқарасы туралы сауалнаманы 1 курс студенттері анонимді түрде онлайн режимінде толтырды. Сауалнамаға жалпы саны 16 студент қатысты. Сауалнама 6 сұрақтан тұрды, жауап нұсқалары — «иә», «жоқ», «білмеймін» форматында болды. Жиналған деректер математикалық өңдеуден өткізіліп, әр сұрақ бойынша оң («иә») жауаптардың пайыздық үлесі есептелді. Пайыздық үлесті анықтау формуласы келесідей:

$$P = \left(\frac{N(\text{иә})}{16} \right) \times 100\%$$

Сауалнама нәтижелері төмендегідей:

1. Кейс әдісімен өткен сабақ сіз үшін қызықты болды ма?

Бұл сұраққа 13 студент (81,25 %) оң жауап берді. Бұл дерек кейс

әдісінің кәсіби бағытталған ағылшын тілін үйрену барысында тиімді құрал екенін, студенттердің тілді меңгерудегі белсенділігін арттырғанын көрсетеді. Әсіресе, кәсіби терминологияны нақты жағдаятта қолдану тілдік құзыреттілікті тереңдетуге ықпал еткені байқалады.

2. Кейс тапсырмалары кәсіби медициналық терминдерді қолдануға көмектесті ме?

Бұл сұрақ бойынша 11 студент (68,75 %) «иә» деп жауап берді. Бұл көрсеткіш тақырыптық лексикамен жұмыс жасау барысында студенттердің терминологиялық қоры байып, нақты клиникалық жағдаяттарда терминдерді орынды қолдана алғанын білдіреді. Презентациялар мен пікірталас кезінде бұл дағдылар практикалық түрде бекітілді.

3. Кейс әдісі шетел тілінде ойлау қабілетіңізді дамытуға әсер етті ме?

9 студент (56,25 %) диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларының жақсарғанын атап өтті. Бұл нәтиже кейс әдісінің ауызша қарым-қатынасқа құрылғанын, сондай-ақ оқушылардың өз ойын шет тілінде еркін жеткізе алуына жағдай жасағанын дәлелдейді.

4. Сабақ барысында шынайы өмірдегі жағдайларды талдау сізге ұнады ма?

10 студент (62,5%) сабақтың тапсырмаларын мазмұнды, тартымды деп бағалады. Бұл мәлімет студенттердің мотивациясы артқанын, сабақ құрылымының интерактивтілігі мен шығармашылық сипаты олардың қызығушылығын оятқанын көрсетеді.

5. Топтық жұмыс (талқылау, рөлдік ойын) сіздің сөйлеу дағдыңызды дамытуға ықпал етті ме?

10 студент (62,5 %) топтық жұмыстың пайдалы болғанын және өзара ынтымақтастық, рөлдік бөлу, бірлесіп шешім қабылдау сияқты дағдыларын жетілдіргенін айтты. Бұл көрсеткіш кейс әдісінің командалық жұмыста тиімді қолданылатынын дәлелдейді.

6. Кейс әдісін болашақ шетел тілі сабақтарында қолдану қажет деп ойлайсыз ба?

13 студент (81,25 %) бұл әдіс болашақ кәсіби қызметке дайындық тұрғысынан пайдалы болғанын айтты. Олар дәрігер рөлінде болу, науқаспен қарым-қатынас, диагноз қою, емдеу жоспарын ұсыну секілді тапсырмаларда өздерін шынайы жағдайда сезінгенін атап өтті.

Алынған нәтижелерге сүйенсек, студенттердің басым көпшілігі кейс әдісінің шетел тілін меңгеруде, кәсіби терминологияны қолдануда және топта жұмыс істеу сияқты маңызды дағдыларды дамытуда тиімді екенін растады. Сонымен қатар, тапсырмалардың мазмұнды және қызықты болуы олардың оқуға деген ынтасын арттырғанын көрсетті.

Бұл деректер кейс технологиясын кәсіби бағытталған шетел тілі сабақтарында қолданудың дидактикалық және лингводидактикалық әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Біз зерттеу барысында ұсынылған сабақ үлгілерінің бәрі кейс әдісінің шетел тілін оқытуда қолдануға болатын маңызды дидактикалық және лингводидактикалық әлеуеті бар екенін дәлелдейді. Медициналық университетте кәсіби ағылшын тілі сабақтарында кейс әдісін

енгізу студенттердің кәсіби бағытталған құзыреттерін жетілдіруге, кәсіби коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға және болашақ дәрігердің жұмыс жағдайына дайындалуға ықпал етеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, болашақ дәрігерлерге ағылшын тілін меңгертуде кейс әдісін пайдаланудың тиімділігі мынада:

- студенттер бұл әдісті қызығушылықпен қолданады және одан әрі тереңдетіп оқуға ынталандырады;

- оқытушылар оқу үдерісіне белсенді қатысады, өйткені бұл әдістің барлық студенттерді топпен жұмыс істеуге және бақылап отыруға мүмкіндік береді;

- кейс әдісі жаңа оқу материалын меңгеруді шағын топтарда ұйымдастырылған жұмыс арқылы жеңілдетеді, алайда әрбір топ мүшесінің нақты жағдайды шешу барысында өз пікірі болады.

Болашақ дәрігерлер теориялық білім мен көптеген фактілерді жай ғана жаттап алумен шектелмей, сыни тұрғыда ойлау арқылы аналитикалық және диагностикалық дағдыларын дамытуы тиіс. Сондықтан бұл әдісті медициналық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізу өте маңызды, өйткені студент-медикиер нақты медициналық мәселелермен бетпе-бет келіп, талдау қабілеттерін дамытады. Кейс әдісі студенттерге нақты жағдаяттарды түсіндіру мен шешуде көмектесіп, танымдық қызығушылықтарын арттырады және шетел тілін үйренуге мотивация береді.

Кейс әдісі теориялық білімді қолдануға, әдіснаманы меңгеруге және практикалық тәжірибені жылдам игеруге көмектеседі. Бұл әдістің мүмкіндігі өте жоғары және оны тек шетел тілі сабақтарында ғана емес, өзге де оқу пәндерінде кеңінен қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Аргюхина А.И., Чумаков В.И. Интерактивные методы обучения в медицинском вузе: учебное пособие (мини-версия). - Волгоград, 2011. - 32 с.

[2] Русакова М.М., Серикова Т.М. Кейс-технологии занятиях английского языка в медицинском университете // Медицинское образование в XXI веке: традиции и инновации. Материалы XX Межрегиональной учебно-методической конференции 22 апреля 2015г.-Архангельск, 2015. - С. 130-132.

[3] Иванова О.Г., Мордык А.В. Использование метода кейсов в преподавании фтизиатрии в медицинском вузе. // Омский научный вестник. - 2014. - № 2. - С. 224-226.

[4] Thistlethwaite JE, Davies D, Ekeocha S, Kidd JM, MacDougall C, Matthews P, Purkis J, Clay D. The effectiveness of case-based learning in health professional education. A BEME systematic review: BEME Guide No.23. Access mode: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/22578051>. [Date of access: 14.10.2024]

[5] Cook D.A. Web-based learning: Pros, cons, and controversies. // *Clinical Medicine*. -2007.- 7. -pp. 37-42.

[6] Долгоруков А. М. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения // *Технология case-study: учебнометодическое пособие* / – Нижний Новгород: НИУ РАНХиГС, 2014.- 140 с.

[7] Абдукадыров А.А., Тураев Б.З. Кейс-технология как средство повышения компетентности будущих инженерно-педагогических кадров // *Молодой ученый*. -2013.- № 6. - С. 659–665.

[8] Брыксина И.Е., Деркач А.К. Использование кейс-методов для развития лексических компетенций студентов медицинских специальностей в курсе «Иностранный (французский) язык в профессиональной сфере» // *Язык и культура*. - 2023. - №62. - С. 183-198.

[9] Федотова О.Д. Исследовательские и учебные кейсы этнопедагогической направленности в системе профессиональной подготовки студентов. Учебное пособие. – М.: Мир науки, 2022.-101 с.

[10] Джамалдинова М.Т., Дүйсеева Л.А. Шет тілін үйретудегі инновациялық технология түрлері: кейс стади технологиясы. // *International relations and international law*.- 2016. -73. С.39-41

[11] Акбаева Х.Б. Методика кейс-стади при обучении иностранному языку студентов // *Экономика и социум*. - 2021. - № 2-1 (81). - С. 471-474

[12] Gupta R., & Grover R.K. Case-based learning in neurophysiology: An educational paradigm for preparing undergraduate medical students for better clinical acumen. // *Health Sciences and Biomedical Research (KLEU)*. 2021.-14, - pp. 84 - 89.

[13] Roell C. Using a Case Study in the EFL Classroom. ERIC. 2019. <https://doi.org/EJ1236098> [Date of access: 10.09.2024]

[14] Колесниченко А.Н. Применение кейс-метода в рамках профессионально ориентированного подхода к обучению в техническом вузе. // *Педагогическое образование в России*, 2024.-2 - С. 177-184.

REFERENCES

[1] Artyukhina A.I., Chumakov V.I. Interaktivnye metody obucheniya v meditsinskom vuze: uchebnoe posobie (mini-versiya). – Volgograd, 2011. – 32 s.

[2] Rusakova M.M., Serikova T.M. Keys-tehnologii na zanyatiyakh angliyskogo yazyka v meditsinskom universitete // *Meditsinskoe obrazovanie v XXI veke: traditsii i innovatsii. Materialy XX Mezhhregional'noy uchebno-metodicheskoy konferentsii 22 aprelya 2015 g.* – Arkhangel'sk, 2015. – S. 130–132.

[3] Ivanova O.G., Mordyk A.V. Ispol'zovanie metoda keyesov v prepodavanii ftiziatrii v meditsinskom vuze // *Omskiy nauchnyy vestnik*. – 2014. – № 2. – S. 224–226.

[4] Thistlethwaite J.E., Davies D., Ekeocha S., Kidd J.M., MacDougall C., Matthews P., Purkis J., Clay D. The effectiveness of case-based learning in health professional education. A BEME systematic review: BEME Guide No.23.

Access mode: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/22578051>. [Date of access: 14.10.2024].

[5] Cook D.A. Web-based learning: Pros, cons, and controversies // *Clinical Medicine*. – 2007. – Vol. 7. – Pp. 37–42.

[6] Dolgorukov A.M. Metod case-study kak sovremennaya tekhnologiya professional'no-orientirovannogo obucheniya // *Tekhnologiya case-study: uchebno-metodicheskoe posobie*. – Nizhniy Novgorod: NIU RANHiGS, 2014. – 140 s.

[7] Abdukadyrov A.A., Turaev B.Z. Keys-tekhnologiya kak sredstvo povysheniya kompetentnosti budushchikh inzhenerno-pedagogicheskikh kadrov // *Molodoy uchenyy*. – 2013. – № 6. – S. 659–665.

[8] Bryksina I.E., Derkach A.K. Ispol'zovanie keys-metodov dlya razvitiya leksicheskikh kompetentsiy studentov meditsinskikh spetsial'nostey v kurse “Inostrannyi (frantsuzskiy) yazyk v professional'noy sfere” // *Yazyk i kul'tura*. – 2023. – № 62. – S. 183–198.

[9] Fedotova O.D. Issledovatel'skie i uchebnye keysy etnopedagogicheskoy napravlenosti v sisteme professional'noy podgotovki studentov. *Uchebnoe posobie*. – M.: Mir nauki, 2022. – 101 s.

[10] Dzhamaldinova M.T., Duyseeva L.A. Shet tilin uyretudegi innovatsiyalyk tekhnologiya turleri: keys stadi tekhnologiyasy // *International relations and international law*. – 2016. – № 73. – S. 39–41.

[11] Akbaeva Kh.B. Metodika keys-stadi pri obuchenii inostrannomu yazyku studentov // *Ekonomika i sotsium*. – 2021. – № 2-1 (81). – S. 471–474.

[12] Gupta R., Grover R.K. Case-based learning in neurophysiology: An educational paradigm for preparing undergraduate medical students for better clinical acumen // *Health Sciences and Biomedical Research (KLEU)*. – 2021. – Vol. 14. – Pp. 84–89.

[13] Roell C. Using a Case Study in the EFL Classroom. ERIC. – 2019. – <https://doi.org/EJ1236098> [Date of access: 10.09.2024].

[14] Kolesnichenko A.N. Primeneniye keys-metoda v ramkakh professional'no-orientirovannogo podkhoda k obucheniyu v tekhnicheskoy vuzе // *Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii*. – 2024. – № 2. – S. 177–184.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КЕЙС МЕТОДА ПРИ ОБУЧЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ МЕДИЦИНСКИХ ВУЗОВ

*Абдуллина А.А.¹, Узакбаева С.А.², Махметова Б.Т.³

^{*1,2} Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

³ КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

Аннотация. В настоящее время для обучения и повышения квалификации специалистов за рубежом применяется и активно развивается Кейс-метод (Case Based Learning). Это исследовательский подход, который используется для глубокого и многогранного понимания сложной проблемы

в контексте реальной жизни. Кейс-метод принципиально отличается от проблемно-ориентированного обучения тем, что осуществляется на конкретных примерах. Кейсы в области медицины являются интерактивным средством анализа конкретной ситуации, отражающей состояние здоровья пациента, проведения дифференциальной диагностики и выбора лечебной тактики.

Актуальность применения кейс-метода на занятиях иностранного языка в обучении студентов медиков определяется Государственным образовательным стандартом, в котором обращено внимание на необходимость использования активных интерактивных форм проведения занятий (компьютерные симуляции, деловые и ролевые игры, разборы конкретных ситуаций, психологические и иные тренинги, групповые дискуссии и др.) Применение кейс-метода дополняет традиционные методы обучения (лекции и практические занятия) и направлено не столько на получение новых знаний, сколько на формирование профессиональной компетентности, умений и навыков мыслительной деятельности.

Цель статьи - обосновать содержание кейс метода как интерактивного метода обучения и определить его целесообразность при проведении занятий иностранного языка со студентами высшего медицинского учебного заведения. Использование кейс метода в обучении профессиональному иностранному языку студентов медицинских вузов способствует модернизации образовательного процесса, развитию профессиональных коммуникативных навыков и повышению практической подготовленности студентов. В результате данное исследование способствует повышению профессиональных компетенций медицинских специалистов и их подготовке к работе в соответствии с международными стандартами.

Результаты показывают, что применение кейс-метода в обучении студентов-медиков профессиональному иностранному языку существенно развивает навыки профессионального общения, аналитического мышления и практических умений. Кроме того, этот метод улучшает способность студентов решать медицинские задачи на иностранном языке и повышает их профессиональную подготовку. В статье представлены практические примеры, использования педагогических кейсов при обучении профессиональному медицинскому иностранному языку студентов высших медицинских учебных заведений.

Ключевые слова: кейс, кейс-метод, медицинский кейс, профессиональный иностранный язык, кейс технологии, компетентность, профессиональная компетенция, ситуации, интерактивные средства, педагогические кейсы

THE USE OF THE CASE METHOD IN TEACHING PROFESSIONAL FOREIGN LANGUAGE TO MEDICAL UNIVERSITY STUDENTS

*Abdullina A.A.¹, Uzakbayeva S.A.², Maxmetova B.T.³

^{*1,2} Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

³ Abylai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The purpose of the article is to substantiate the content of the case study as an interactive teaching method and to evaluate its feasibility for use in classes for students of the medical faculty. This study reviews the theoretical materials of both domestic and foreign researchers and analyzes the practical application of the case method. The article examines various definitions of the concept of the case method.

Comparison, generalization, analysis, and synthesis were used as scientific methods that enable a deeper understanding of the problem. The article considers the theoretical foundations, accumulated practical experience, and features of the case method. During the research, the experience of implementing pedagogical cases within the framework of an English language course was analyzed.

Scientific and practical significance: the use of the case method in teaching professional foreign languages to students of medical universities allows for modernization of the educational process, development of students' professional communicative skills, and enhancement of their practical training. As a result, this study contributes to improving the professional qualifications of medical specialists and their readiness to work in accordance with international standards.

The results demonstrate that applying the case method in teaching a professional foreign language to medical students significantly develops their professional communication skills, analytical thinking, and practical abilities. Additionally, this approach improves students' capacity to solve medical situations in a foreign language and increases their overall professional training. Consequently, this method helps enhance the qualifications of medical professionals in line with international standards and boosts their effectiveness in professional activities. The article also provides examples of cases used for teaching a professional medical foreign language to students in higher medical institutions.

Key words: case, case method, medical case, professional foreign language, case technologies, competence, professional competence, situations, interactive tools, pedagogical cases

Авторлар туралы мәлімет:

Абдуллина А.А.- докторант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: azhar_abdullina@mail.ru

Узақбаева С.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: sahipzhamal.a@mail.ru

Махметова Б.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Абдуллина А.А. — докторант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: azhar_abdullina@mail.ru

Узакбаева С.А. — доктор педагогических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: sahipzhamal.a@mail.ru

Махметова Б.Т. – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Abdullina A.A. – PhD student, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: azhar_abdullina@mail.ru

Uzakbayeva S.A. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sahipzhamal.a@mail.ru

Makhmetova B.T. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Мақала түсті: 12 мамыр 2025